

## Қаратомар, Отаутүскен ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы Шалқар ауылдық аумағы әкімінің 2009 жылғы 17 тамыздағы № 2 шешімі. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қыркүйекте № 1-17-103 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 8 желтоқсанындағы Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес, Қаратомар, Отаутүскен ауылдары тұрғындары жиналыстарының 2009 жылдың 2 маусымындағы № 6, № 7 хаттамаларын есепке ала отырып, Шалқар ауыл аймағының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Көшелерге атаулар берілсін:

Қаратомар ауылында:

№ 1 көшеге – «Дина Нұрпейісова» атауы;

Отаутүскен ауылында:

№ 1 көшеге - «Құрманғазы» атауы,

№ 2 көшеге - Мұстафа Шоқай» атауы,

№ 3 көшеге – «Оралхан Бөкей» атауы,

№ 4 көшеге – «Шәмші Қалдаяқов» атауы,

№ 5 көшеге – «Ақан Сері» атауы;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын;

3. Осы шешім Целиноград ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ш а л қ а р а у ы л

аймағының әкімі

Қ.Ташетов

КЕЛІСІЛДІ:

«Целиноград ауданының  
мәдениет және тілдерді  
дамыту бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Ш.Өтегенова

«Целиноград ауданының  
сәулет және  
қала құрылысы бөлімі»

*бастығы* *мемлекеттік* *мекемесінің*  
*А.Сағымбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК